



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА


2024 жылы халық жасаған төлем транзакциялардың жалпы көлемінде қолма-қол ақшасыз операциялардың үлесі 87% болды

Астана қ.

2025 жыл, 14 ақпан

Халықтың қолма-қол ақшасыз операцияларының өсімінде оң үрдіс сақталып отыр. 2024 жылдың қорытындысы бойынша, қолма-қол ақшасыз операциялар санының **өсуі 13,4%** (жалпы саны – 12,8 млрд операция), көлемі – **17%** (жалпы көлемі – 166,1 трлн теңге) болды. Мәселен, 2024 жылы халық орташа есеппен **453,6 млрд теңгеге** күн сайын қолма-қол ақшасыз **35,1 млн** операция жүргізді.

2024 жылғы халық операцияларының динамикасы (трлн теңгемен)



2024 жылы халық іске асырған барлық транзакция ішінен саны жағынан **98%-ы** және көлемі жағынан **87%-ы** – қолма-қол ақшасыз операциялар. Бұл өз кезегінде қаржылық технологияларға халықтың жоғары сенімін білдіреді, себебі қолма-қол ақшасыз транзакция жүргізу ыңғайлы әрі уақыт жағынан өнімді.

2024 жылы қолма-қол ақшасыз транзакциялардың негізгі үлесі банктердің онлайн сервисі арқылы жүргізілді (қолма-қол ақшасыз транзакциялар көлемінің **90%-ы**).

Бұл ретте банктердің онлайн-сервисін пайдаланушылар саны **13%-ға** (25,9 млн дейін¹) ұлғайды. Бір жыл ішінде интернет пен мобильді банкингтің бір пайдаланушысына келетін онлайн-транзакция көлемі орта есеппен **7%-ға** (6,1 млн теңгеге дейін) өсті.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы ала алады:

8 (7172) 77-52-10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz

¹ Клиент банктің онлайн-сервистерін бір рет және одан да көп пайдаланған кезде қолданушылар әрбір банк бойынша жеке-жеке есепке алынады